

СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ КАФЕДРАСЫ

# СӨЖ

**Тақырыбы** : Нарықтық қатынас жағдайындағы денсаулық сақтауды қаржыландыру. ҚР денсаулық сақтауды қаржыландырудағы бюджеттік жүйе.

Орындаған: Қапсеметов Е. М.  
308- топ ЖМФ  
Тексерген: Базарбеков Ж. Б.

Семей 2016 ж



# ЖОСПАР

## □ Кіріспе

## □ Негізгі бөлім

1. *Қазіргі таңда қарастыратын мәселелер*
2. *Нарық жағдайында медициналық қызмет көрсету*
3. *Денсаулық сақтаудағы қаржыландыру*

## □ Қорытынды

## □ Пайдаланылған әдебиеттер



**Қазіргі таңдағы экономикалық қатынастар жүйесі азаматтардың барлық стандарттарға сай сапалы әрі толық медициналық жәрдем алуына мүмкіндік бермей отыр. Сондықтанда денсаулық сақтау саласын басқарудың жолдарын қайта қарастыру қажеттігі туындап отыр. Осы тұрғыда Ел басының жолдауында да медицинаны басқару жүйесін жетілдіру, медициналық жәрдем көрсетуді ұйымдастыру, осы жүйенің құқықтық-нормативтік базасын және қаржы ресурстарын тиімді пайдалану мен осыған қатысты мемлекеттік сатып алу секілді мәселелерде елеулі өзгерістерді енгізу туралы баса айтқан болатын.**



**Денсаулық сақтау жүйесінде нарықтық экономикалық қатынастарға көшу, реформалау және дамыту ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Осы салада көрсетілетін қызметтің сапасын және тиімділігін көтеру, бюджет шығындарын оңтайландыру, нарық элементтерінің негізгісінің бірі бәсекелестікке елеулі септігін тигізетіні сөзсіз.**



**Денсаулық сақтаудағы нарықтық қатынастардың дамуымен қатар бұл салада медициналық субъект және медициналық қызметті өндіруші түсінігі пайда болады.**

**Нарықтық қатынас жағдайындағы медициналық қызмет көрсету-экономикалық қатысушылардың, яғни тұтынушы мен өндірушінің мүдделерінің тоғысуы.**



**Осы тұрғыда пациент өзінің қажеттілігін қанағаттандыруға мүдделі болса, дәрігер өз алдына қызмет көрсетіп өз еңбегі үшін ақы алуға қызығушылық танытады. Осы тұста, нарықтық қатынасқа сай ақылық, төлемдік негізінде алынған игіліктің теңдігі орын алады.**



**Медициналық қызмет көрсетуде кәсіпкерліктің дамуы, денсаулық сақтауда нарықтық қатынастар дамуының маңызды аспектілерінің бірі. Жалпы кәсіпкерлік түсінігі бойынша медициналық қызмет көрсету – пайда табу мақсатындағы экономикалық іс-әрекет.**



**Денсаулық сақтау жүйесіндегі экономикалық қатынастардың ерекшелігі қоғамның әлеуметтік саясатымен тығыз байланысты. Әлеуметтік қызмет көрсету сферасындағы экономикалық қатынастар осы саладағы нарықтық іс-әрекеттердің ерекшелігін анықтайды. Ол қоғамдағы әлеуметтік және құқықтық үрдістердің динамикасымен байланыста қарастырылады.**





**Қазіргі таңдағы әр елдің медициналық қызмет көрсету жүйесі әр түрлі. Олар қаржыландыру әдісі, төлемі, ұйымының құрылымы, медициналық жәрдем беруді қадағалау әдістерімен ерекшеленеді. Бірақта айтылған моделдің біреуі де идеалды емес.**



**Шет елдердің медициналық қызмет көрсету жүйелерін реформалау тәжірибесі, медициналық жәрдем көрсетуге қажетті экономикалық ресурстарды тарту әдістері әр елде өзіндік ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқанын байқатады. Сонымен қатар, осы денсаулық сақтау саласының дамуы мен қалыптасуына ішкі экономикалық, саяси және өзге де күштер әсер ететіні сөзсіз.**



# Қорытынды

- Қорытындылай келе, медициналық қызмет көрсетудің әлемдік жүйесі тұрғындарға медициналық қызмет көрсетудің кең ауқымды моделдерді қарастыру мүмкіндігін беріп отыр. Денсаулық сақтау саласында реформаларды жүзеге асырудың әртүрлі жағдайына қарамастан, медициналық қызмет көрсетудің негізгі ұстанымы қоғамымыздағы барлық азаматтардың осы қызмет түрін тұтынуда жалпыға бірдей теңдікпен қолжетімтілігі болуы тиіс.



# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

□ Ғаламтор желісі



Назарларыңызға рахмет!

